

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ



**«ТАШКЕНТ ИРРИГАЦИЯ ЖӘНЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН
МЕХАНИКАЛАНДЫРУ ИНЖЕНЕРЛЕРІ ИНСТИТУТЫ»**

ҰЛТТЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ФИЛИАЛЫ



АЛМАТЫ-2025

Екі дипломмен білім алатын Филиал студенттерінің Өзбекстан Республикасы, Ташкент қаласындағы Бас ғимаратта білім алу сәті



Су ресурстары және суды пайдалану

Бұл білім беру бағыты – ирригация және мелиорация саласындағы мамандық болып табылады. Ол суару және су ағызу жүйелерін, сондай-ақ олардың гидротехникалық құрылымдарын жобалау, салу, пайдалану, жөндеу және реконструкциялау, су ресурстарын басқару және ирригация жүйелерінде су пайдалану мониторингін жүргізу, суару жерлерінің мелоративтік күйін бақылау, ирригация және мелиорация жүйелерін тиімді пайдалану және оларды жетілдіру, заманауи үнемді су үнемдеу технологияларын (тамшылатып суару, жаңбырлатып суару, тұман жасау, қозғалмалы икемді құбырлар арқылы суару, егістіктерге пленка төсеу, су өлшеуді және бөлу процесін автоматтандыру) енгізу сияқты шараларды қамтиды.

Кәсіби қызмет объектілері – Су шаруашылығы министрлігі, оның қарамағындағы ирригация жүйесінің алаптық басқармалары, аудандық ирригация жүйесі бөлімдері, қалалық Су шаруашылығы тресттері, Су пайдаланушылар одағы, шаруа және фермерлік шаруашылықтар және басқа да су шаруашылығы ұйымдары болып табылады.

Бакалаврдың кәсіби қызмет түрлері жобалау-іздістіру, өндірістік сала, технологиялық, ұйымдастыру-басқару секілді бағыттарды қамтиды. Бакалавр білім алу барысында кәсіби қызметтің нақты түрлері білім беру үдерісінің мүдделі қатысушыларымен бірлесе отырып, жоғары білім беру жүйесімен анықталады.

Бакалавр кәсіби даярлықтан кейін ұқсас білім беру бағыттарының магистратура мамандықтары бойынша білім алуын жалғастыра алады, ол үшін тиісті мемлекеттік орган анықтаған магистратура білім беру бағытын таңдайды.

Бітірушілер қызметі

Су шаруашылығы және мелиорация білім беру бағыты бойынша даярланатын мамандар келесі ұйымдарда жұмыс істей алады:

- ❖ Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы Суармалы жерлердің мелоративтік жағдайын жақсарту қорында;
- ❖ Су шаруашылығы министрлігі жанындағы «Ирригация және су мәселелері ғылыми-зерттеу институтында»;
- ❖ Салалық басқа ғылыми-зерттеу институттарында;
- ❖ Облыс және аудан әкімдіктерінде;
- ❖ Коммунал қызмет агенттігі және бөлімдерінде;
- ❖ Су шаруашылығы тресі және оның бөлімдерінде;
- ❖ Ауыл шаруашылығы және су шаруашылығы жобалау институттарында;
- ❖ Ауыл шаруашылығы және су шаруашылығы министрлігі мен оның қарамағындағы ұйымдарда, соның ішінде:
 - Ирригация жүйелері алаптық басқармаларында;
 - Гидрогеологиялық мелоративтік экспедицияда;
 - Су шаруашылығы жұмыстарын басқаруға маманданған Мемлекеттік унитарлық кәсіпорындар мен басқа да ұйымдарда;
 - Магистральды каналдар басқармаларында;
 - Су пайдаланушылар одағында.



Бакалавр, Магистратура және Докторантура мамандықтары:

6B08604 «Су шаруашылығы және мелиорация» білім беру бағытын тәмамдаған бакалаврлар:

→ 7M08610 – «Су ресурстарын кешенді пайдалану және басқару» мамандығы бойынша магистратурада;


бітіруші магистранттар:

→ 8D08607 - Мелиорация және суармалы егіншілік мамандығы бойынша докторантурада оқуларын жалғастыра алады.

«Гидротехникалық құрылымдарды және сорғы бекетін пайдалану» білім беру бағытын тәмамдаған бакалаврлар:

→ «Гидротехникалық құрылымдарды пайдалану, оның сенімділігі мен қауіпсіздігі» мамандығы бойынша магистратурада; бітіруші магистранттар:

→ «Гидротехникалық және мелоративтік құрылыс» мамандығы бойынша докторантурада оқуларын жалғастыра алады.



Құрметті талапкер!

ЖОО-на түсу үшін Ұлттық бірінғай тест (ҰБТ) тапсыру қажет!

ҰБТ 5 рет тапсыруға мүмкіндік бар: Қаңтар, наурыз, мамыр-шілде айларында және тамыз айында. Осылардың ішінде мамыр-шілде айында (2 рет) тапсырылған ҰБТ нәтижесі бойынша грантқа түсу үшін конкурсқа қатысуға болады. Қаңтар, наурыз және тамыз айларында тапсырылған ҰБТ сертификатымен тек ақылы түрде оқи аласыз.

Толық ақпаратты <https://app.testcenter.kz/> сайтынан біле аласыздар.

Шетел азаматтары стипендиялық бағдарлама арқылы **тегін** (стипендиялық бағдарлама бойынша толық ақпарат сілтемесі: <https://www.gov.kz/memleket/entities/kazaid/activities/30352?lang=ru>) және сұхбаттасу арқылы **ақылы** негізде оқуға қабылданады.

Қандастар үшін мемлекеттен бөлінетін 4% дық жеңілдік қарастырылған. 5 пәннен тапсырған ҰБТ нәтижесінде Математикалық сауаттылық және оқу сауаттылығынан 3 балдан жоғары жинаса, Қандас талапкер грантқа түсу үшін конкурсқа қатыса алады.

Құжат өткізу 25 тамызға дейін. 18 ге толмаған талапкер ата-анасы немесе Нотариалды түрде туысына (танысына) рәсімдеген сенімхатымен бірге келуі міндетті.



Сұрақтар бойынша келесі телефон нөмірлеріне хабарласып жауап ала аласыздар:

Алматы қаласындағы филиалдың директоры:

Бердышев А.С. +7 707 250 80 20

Оқу жөніндегі маманы:

Зулпибекова С.Б. +7 708 500 01 91

Қауылдау комиссиясы [+ 7\(747\)264-08-54](tel:+77472640854)